

**«Қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты тиімді пайдалану»  
пәні бойынша  
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған  
тест спецификациясы**

**1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

**2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

**3. Мазмұны:** «07240500 - Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту)» мамандығы, 3W07240501 - Ұнтақтау-сұрыптау жабдығының операторы, 3W07240502 - Агломерациялық қондырғылардың операторы, 4S07240503 - Техник-технолог біліктіліктеріне арналған «Қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты тиімді пайдалану» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	Еңбекті қорғаудың жалпы мәселелері	1	Жарақаттану және кәсіби аурулар
		2	Еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру
2	Пайдалы қазбаларды байыту кезіндегі қауіпсіздік шаралары	3	Техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптары
		4	Байыту өнімдерін буып-түю және сынамаларды алу кезіндегі талаптар
		5	Желдету, шаң басу, аспирациялық құрылғылар жөніндегі талаптар
		6	Ұсату және ұнтақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары
		7	Флотациялау, магниттік айыру, байытудың электрлік және радиометриялық әдістері кезіндегі қауіпсіздік талаптары
		8	Электр қондырғылары мен электр жабдықтарын қауіпсіз пайдалану талаптары
3	Өндірістік санитария	9	Жұмысшыларға санитарлы-тұрмыстық және медициналық қызмет көрсету
4	Өрттің алдын алу негіздері	10	Өрттердің алдын алу және оны сөндіру
		11	Жер үсті объектілерін өртке қарсы қорғау
5	Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты тиімді пайдалану	12	Атмосфераны қорғау
		13	Су ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану
		14	Жер қойнауларын қорғау және тиімді пайдалану
		15	Жер ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

**4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

**Еңбекті қорғаудың жалпы мәселелері.** Жарақаттану және кәсіби аурулар. Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен денсаулығының өзге де зақымдануларын тергеу және есепке алу тәртібі. Еңбек ұжымы атынан әкімшілік пен кәсіподақ комитеті арасында жасалатын еңбекті қорғау жөніндегі келісімдер. Еңбек жағдайларын және санитарлы-сауықтыру іс-шараларын жақсартудың кешенді жоспары, құрастыру және бекіту тәртібі, оның орындалуын бақылау. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері.

**Пайдалы қазбаларды байыту кезіндегі қауіпсіздік шаралары.** Пайдалы қазбаларды байыту кезіндегі ӨҚ жалпы ережелері. Байыту жабдығын жұмысқа қосу және тоқтату. Қорғаныстық жерге тұйықтау және қорғаныстық ажырату. Кабельдерді, электр қозғалтқыштарды және трансформаторларды қорғау. Учаскені электрмен жабдықтау. Фабрикалардың цехтарын, қоймаларын және басқа да үй-жайларын желдету құрылғысы. Қалдық қойыртпақты залалсыздандыру және оны сақтау кезіндегі қауіпсіздік және өнеркәсіптік санитария талаптары. Реагент бөлімшесіндегі қауіпсіздік және өнеркәсіптік санитария талаптары.

**Өндірістік санитария.** Байыту кәсіпорындарындағы еңбек жағдайларының санитарлық-техникалық жай-күйінің паспорты. Өндірістік жарақаттар мен кәсіптік аурулар туралы түсінік. Өндірістік жарақаттану және кәсіби аурушандық себептері. Жұмысшыларды жеке таңу түйіршіктерімен жабдықтау. Зардап шеккендерді тасымалдау. Байыту машиналары мен механизмдерінен шуылды азайту. Діріл және онымен күресу шаралары. Діріл көздері. Жұмыс орнының жалпы дірілі және жергілікті дірілдер.

**Өрттің алдын алу негіздері.** Өрттерді сөндіру тәсілдері (белсенді, делсал, аралас) және оларды қолдану шарттары. Құбыр тізбегінің магистральдық және бөлікшелік желілері. Магистральдық және бөлікшелік құбырлар тізбектерінің параметрлері. Өрттің таралуын бөгеу үшін су перделері құрылғысына кеткен су шығыны.

**Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты тиімді пайдалану.** Атмосфера құрамы. Атмосфералық ауаның газ құрамы мен тозаңдануының өзгеруі. Ауа ортасы ластануының салдары. Ластаушылардың ғаламдық ықпалы. Әлемдік су ресурстары. Қазақстанның су ресурстарын теңгерімдік бағалау. Тұщы судың негізгі тұтынушылары. Жер қойнауларын пайдалану. Пайдалы қазбалар ресурстары және олардың сарқылуы. Көмір кен орындары қорларының жіктелуі. Пайдалы қазбалар ысыраптарының жіктелуі. Жер беті туралы жалпы мәліметтер. Өнеркәсіп кәсіпорындарына Жер ресурстарын бөлу тәртібі, оларды қорғауға және тиімді пайдалануға қойылатын талаптар.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:**

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

**8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

## **9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (Негізгі заң).
2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
3. Тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары. Астана, 2015ж.
4. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жалпы талаптары. Астана, 2012ж.
5. Көмір шахталарындағы қауіпсіздік ережелері. Астана, 2000ж.
6. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жалпы талаптары. Астана, 2012ж.
7. Гриф В.В., Горчаков С.П. «Охрана труда в угольной промышленности». М.: Недра, 1988ж.